

"Қазақстан Халық Банкінің  
өмірді сақтандыру бойынша  
"Халық-Life"  
еншілес компаниясы"  
акционерлік қоғамы



Акционерное общество  
"Дочерняя компания  
Народного Банка Казахстана  
по страхованию жизни  
"Халык-Life"

**Мақұлданды**  
"Халық-Life" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2023 жылғы 14 қарашадағы отырыстың  
№ 54 хаттамасы)

**Бекітілді**  
"Халық-Life" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 44  
отырыс хаттамасы)

**Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Құжат Қоғамның, оның агенттері мен серіктестерінің ақпараттық жүйелерінде жинақтаушы сақтандыру шарттарын жасасу рәсімін техникалық іске асыру туралы актіге қол қойылған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Баспа түрінде бұл құжат ақпарат үшін қолданылады. Құжаттың көшірмесін растау үшін ӨЖБЦДМ-ға хабарласу қажет.**

**Жинақтаушы өмірді сақтандыру  
ЕРЕЖЕСІ**

---

---

Алматы 2023

## Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер .....	4
1-тарау. Терминдер мен қысқартулар .....	4
2-тарау. Сақтандыру шартының мәні .....	6
3-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі .....	6
4-тарау. Сақтандыру сомасы.....	7
5-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі .....	7
6-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктіру .....	8
7-тарау.Сақтандыру шартын қалпына келтіру .....	9
8-тарау. Пайдаға қатысу .....	9
9-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру қорғаныстарының .....	11
қолданылу мерзімі мен орны .....	11
10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	11
11-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу.....	12
12-тарау. Қарыз алу .....	13
13-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының .....	14
сомасын индекстеу (сақтандыру жарналары) .....	14
14-тарау. Сақтанушыны ауыстыру.....	15
15-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу тәртібі.....	15
16-тарау. Сақтандырушының орналасқан жерін немесе.....	16
тұрғылықты жерін өзгерту.....	16
2-бөлім. Сақтандыру шартының негізгі өтемдері .....	16
17-тарау. Сақтандыру шартының негізгі өтемі бойынша сақтандыру жағдайлары .....	16
18-тарау. Пайда алушы.....	17
19-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері .....	17
20-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі .....	19
21-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі.....	20
3-бөлім. Сақтандыру шартының қосымша өтемдерінің жалпы талаптары .....	21
22-тарау. Сақтандыру шартының қосымша өтемдерінің жалпы шарттары.....	21
23-тарау. Сақтандыру шартының қосымша өтемдерінің тізбесі.....	22
24-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі .....	22
25-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту негіздері .....	26
26-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімі.....	27
4-бөлім. Қосымша өтемдердің ерекше шарттары.....	27
27-тарау. Жазатайым оқиға салдарынан сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру.....	28
28-тарау. Сақтанушы қандай да бір себептермен қайтыс болған кездегі сақтандыру ...	28
29-тарау.Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан алғашқы екі жыл ішінде, ал сақтандырудың үшінші жылынан бастап кез келген қандай да бір себептермен қайтыс болған жағдайлардан сақтандыру .....	28
30-тарау. Сақтандырылушының мүгедектігін белгілеуге әкеп соққан .....	29
жазатайым оқиғадан сақтандыру .....	29
31-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан алғашқы екі жыл ішінде, ал сақтандырудың үшінші жылынан бастап кез келген қандай да бір себептермен мүгедектік жағдайы белгіленген жағдайлардан сақтандыру .....	29

32-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру.....	31
33-тарау. Сақтандырылушының еңбекке уақытша жарамсыздығына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру .....	32
34-тарау. Сақтандырылушының қандай да бір себептермен еңбекке уақытша жарамсыздығы кезіндегі сақтандыру.....	33
35-тарау Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру .....	33
36-тарау. Сақтандырылушының ауыр науқастануы кезіндегі сақтандыру .....	34
5-бөлім. Қорытынды ережелер .....	36
37-тарау. Қосымша шарттар .....	36

Осы сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленген және өмірді жинақтаушы сақтандыру шарттарын жасасу мен орындау тәртібін айқындайды.

## **1-бөлім. Жалпы ережелер**

### **1-тарау. Терминдер мен қысқартулар**

1. Осы сақтандыру ережелерінде мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

**«аннуитеттік төлемдер»** – мерзімді төлемдер түріндегі сақтандыру шартының талаптары бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

**«бонустық өтеу сомасы»** – сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандырушының пайдасына қатысудан сақтандыру дивидендтерінің (болған жағдайда) сомасына негізделіп айқындалатын өтеу сомасы;

**«бонустық сақтандыру сомасы»** - сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру дивидендтерінің мөлшері негізінде айқындалатын сақтандыру шартында кепілдік берілмеген қосымша сақтандыру сомасы;

**«уақытша еңбекке жарамсыздық»** - адам ағзасының аурудан немесе жарақаттан туындаған жай-күйі, онда функцияның бұзылуы еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру немесе мүгедектікті белгілеу үшін қажетті уақыт ішінде кәсіптік жұмысты орындай алмаумен бірге жүреді;

**«пайда алушы»** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

**«өтеу сомасы»** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушыға төленуге жататын ақша сомасы;

**«кепілдік берілген кезең»** - сақтанушының тірі немесе өлі болуына қарамастан аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдер төленетін, егер олар болса, сақтандыру полисінде (жылдармен) белгіленген кезең;

**«сақтандыру жылы»** – полис берілген күннен (сақтандырудың бірінші жылы) немесе полистің бір жылдығынан (сақтандырудың келесі жылдары) басталатын он екі айлық кезең;

**«аннуитеттік төлемдердің бір жылдығы»** – аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру басталған күннен бастап сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне келетін, күні мен айы аннуитет төлемдері басталған күн мен айға сәйкес келетін күн;

**«аннуитеттік төлемдерінің жылы»** – аннуитеттік төлемдерді төлеу басталған күннен (аннуитеттік төлемдерінің бірінші жылы) немесе аннуитеттік төлемдердің бір жылдығынан (аннуитеттік төлемдерінің келесі жылдары) басталатын он екі айлық кезең;

**«сақтандыру полисінің бір жылдығы»** күні мен айы сақтандыру полисінің тіркелген күні мен айына сәйкес келетін сақтандыру қорғаныстарының мерзіміне жататын күн;

**«аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырудың басталу күні»** – сақтандыру полисінде көрсетілген күн, осы күннен бастап Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес бірінші аннуитеттік төлемді және бірінші бонустық аннуитет төлемін, егер бар болса, жүзеге асыруға тиіс.

**«сақтандыру шарты»** – сақтанушының сақтандыру ережелеріне қосылуы (қосылу шарты) және сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру полисін беретін сақтандыру шарты;

**«сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі»** – сақтандырылушының сақтандыру өтемінің соңғы күнінің Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минут 59 секундқа дейін өмір сүруі;

**«сақтандырылған»** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

**«жазатайым оқиға»** – Сақтанушының денесіне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе жылулық әсер ету нәтижесінде адамның еркінен тыс болған, денсаулығына зиян келтіруге, жарақат алуға немесе өлімге әкеп соққан, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу кезеңінде орын алған, кенеттен болған қысқа мерзімді оқиға (оқиға);

**«сақтандыруды қорғаныстарының қолданылу мерзімі»** – сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді көтеретін кезең;

**«кейінге қалдыру мерзімі»** – сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті кезең;

**«сақтандыру ережелері»** – жинақтаушы өмірді сақтандырудың осы ережелері;

**«сақтанушы»** – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

**«сақтандырушы»** – «Қазақстан Халық Банкінің Өмірді сақтандыру» еншілес компаниясы «Халық-Life» акционерлік қоғамы;

**«сақтандыру төлемі»** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

**«сақтандыру қорғаныстары»** – сақтандырушының сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерінің жиынтығы;

**«сақтандыру полисі»** - сақтандырушы сақтанушыға құжаттарда және сақтандыру ережелерінде көрсетілген талаптар мен шарттар бойынша сақтандыру шартының жасалғанын растайтын құжат. Сақтандыру ережелерінің шарттарын іске асыру үшін сақтандыру полисі мыналарға бөлінеді:

**«түпнұсқа сақтандыру полисі»** – сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы сақтанушыға беретін сақтандыру полисі;

**«жанартылған сақтандыру полисі»** – бұрын берілген сақтандыру полисін ауыстыру үшін сақтандыру шартына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген кезде сақтандырушы сақтанушыға беретін сақтандыру полисі;

**«сақтандыру сыйлықақысы»** – сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

**«сақтандыру сомасы»** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті мөлшерін білдіретін ақша сомасы;

**«сақтандыру жағдайы»** - оқиға басталған кезде сақтандыру шартында сақтандырушының сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі көзделген оқиға;

**«сақтандыру дивидендтері»** - сақтандырушының инвестициялық қызметтен түскен пайданың бір бөлігін бөлуі нәтижесінде қалыптасатын және сақтандыру сыйлықақысының сомасын және бонустық өтеу сомасын ұлғайту үшін сақтандыру шарты бойынша есептелетін сақтандыру шартымен кепілдік берілмейтін ақша сомасы;

**«дене жарақаты»** - сақтандырылушының денесіне сыртқы механикалық, жылулық, электрлік немесе химиялық әсер ету салдарынан болатын тіндердің, ағзалардың немесе тұтастай алғанда бүкіл дененің зақымдануы;

**«азайтылған сақтандыру сомасы»** – сақтанушы сақтандыру сыйлықақыларын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан немесе сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кешіктірген жағдайда (біріншісін қоспағанда) қолданылатын сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасы;

**«кепілдендірілген кезең»** – пайда алушының тірі немесе өлі болуына қарамастан аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдер төленетін, егер олар болса, сақтандыру полисінде (жылдармен) белгіленген кезең;

## 2-тарау. Сақтандыру шартының мәні

2. Сақтандыру шартына сәйкес сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге міндетті, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруға (жүргізуге) міндетті.
3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстары тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына енгізілетін негізгі және қосымша өтемдерге беріледі.
4. Шарты бойынша сақтандыру объектісі - Сақтанушының сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруіне, сақтандыру шартының туындауы салдарынан сақтанушының қайтыс болуына және оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруіне байланысты мүліктік мүдделер болып табылады.

## 3-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5. Сақтандыру шартын Сақтанушының сақтандырушы әзірлеген сақтандыру ережелеріне біржақты тәртіппен қосылуы (қосылу шарты) және сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады. Сақтандыру полисі мен сақтандыру ережелері бірге сақтандыру шарты болып табылады.
6. Сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушы сақтандыру ережелерімен танысуға және сақтандырушыға сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыруға өтініш беруге міндетті.
7. Сақтанушы сақтандыру шартын жасамас бұрын сақтандырушыға сақтандыру туралы өтініште (немесе сақтандырушының жазбаша өтініші бойынша тиісті құжатта) шарт жасасу үшін қажетті өзіне белгілі барлық ақпаратты және

сақтандыру жағдайының ықтималдығын және ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәліметтерді хабарлауға міндетті.

8. Сақтанушының сақтандыру ережелеріне қосылу арқылы сақтандыру шартын жасасуға келісімі сақтандырушыға сақтандыру өтінішін беру және сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу арқылы расталады. Сақтандыру туралы өтінішті алу сақтандырушыны сақтандыру шартын жасасуға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуға келісімі сақтандыру полисін беру арқылы расталады.
9. Мыналар сақтандыруға жатпайды: психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар; түзеу-еңбек мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдар; тәуекелдерді жеке бағалау кезінде андеррайтер қабылдаған адамдарды қоспағанда, мүгедектер; сақтандырушының андеррайтері бас тартқан тұлғалар.
10. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші және сақтандыру ережелерінде көзделген басқа да құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

#### **4-тарау. Сақтандыру сомасы**

11. Негізгі және қосымша сақтандыру (болған жағдайда) бойынша сақтандыру сомаларының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі және сақтандыру өтінішінде көрсетілген мәліметтер негізінде сақтандырушымен белгіленеді.

#### **5-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі**

12. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтанушы біржолғы сомамен немесе мерзімді (айлық, тоқсандық, жартыжылдық, жылдық) сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төлейді.
13. Сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақысы) сақтандырушының банктік шотына банктік аударым арқылы төленеді. Төлеу кезеңділігі және сақтандыру жарналарының тиісті сомалары сақтандыру полисінде көрсетіледі.
14. Ай сайынғы кезеңдердің басталу нөмірлері сақтандырушының бастапқы сақтандыру полисін тіркеген күніне сәйкес келетін күндерге сай келеді. Егер ағымдағы күнтізбелік айда сақтандырушы түпнұсқа сақтандыру полисін берген күн болмаса, онда айлық кезеңнің басы сол айдың ең жақын алдыңғы күніне келеді..
15. Тоқсандық кезеңдердің басталуы әрбір сақтандыру жылындағы бірінші, төртінші, жетінші және оныншы айлық кезеңдердің басына сәйкес келеді. Жарты жылдық кезеңдердің басы әрбір сақтандыру жылындағы бірінші және жетінші айлық кезеңдердің басына сәйкес келеді.
16. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасын осындай сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда сақтандыру жарнасы мерзімі өткен болып есептеледі.

17. Сақтандырушының банктік шотына төлемді жүзеге асыруға немесе сақтандыру сыйлықақысын аударуға байланысты барлық шығындар мен тәуекелдерді сақтанушы көтереді.
18. Сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақыларын) уақтылы төлемеген жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін төленбеген сомадан тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

### **6-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктіру**

19. Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жарнасын алмаған (біріншісін қоспағанда) сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру сыйлықақысын төлеу қажеттігі туралы хабардар етуге құқылы.
20. Сақтандыру жарнасын төлеуді кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті, бұл жағдайда сақтандырушы одан мерзімі өткен сақтандыру жарнасының сомасын және сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін өсімақыны ұстап қалуға құқылы.
21. Егер сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеуді кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) төлемесе, сақтандыру шарты:
  - 1) кейінге қалдыру мерзімінің соңында сақтанушының кез келген берешегін шегергендегі өтеу сомасының сомасы 45 000 теңгеден аз болса, сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі тоқтатыла тұрады;
  - 2) кейінге қалдыру мерзімінің аяқталу күні сақтанушының кез келген берешегін шегеріп тастаған кезде өтеу сомасының сомасы кемінде 45 000 теңгені құраса, онда төмендетілген сақтандыру сомасымен автоматты түрде жұмысын жалғастырады.
22. Сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі бойынша тоқтатыла тұрған сақтандыру шартын сақтандырушы сақтандыру сомасы азайған мәртебесіне ауыстырады, егер сақтанушының сақтандыру жарналарын төлеуі нәтижесінде өтеу сомасы сақтанушының кез келген берешегін шегергендегі сомасы кемінде 45 000 теңгені құраған жағдайда.
23. Сақтандыру қорғаныстарын тоқтата тұру сақтанушыны сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі міндеттен босатпайды.
24. Төмендетілген сақтандыру сомасының сомасы сақтандыру полисінде әр сақтандыру жылының аяқталу күнінде көрсетілген күндердегі барлық сақтандыру жарналарын толық төленгені ескеріле отырып көрсетіледі.
25. Соңғы сақтандыру жарнасын төлеу күніне азайтылған сақтандыру сомасының сомасы, нақты төленген мерзімді сақтандыру сыйлықақыларын ескере отырып, соңғы сақтандыру сыйлықақысы енгізілген сақтандыру жылының аяғында сақтандыру полисінде көрсетілген азайтылған сақтандыру сомасының сомасына негізделіп есептеледі.

## 7-тарау. Сақтандыру шартын қалпына келтіру

26. Сақтандыру шарты сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты тоқтатыла тұрған немесе азайтылған сақтандыру сомасымен жұмыс істеуін жалғастырған жағдайда, сақтандырушы бастапқы сақтандыру полисінің талаптарына сәйкес, сақтанушыдан мерзімі өткен барлық сақтандыру жарналары мен өсімпұлдарды (егер сақтанушы оны төлеуге міндетті деп ұсынылған болса) сақтандыру шартын қалпына келтіруге құқылы.
27. Мерзімі өткен сақтандыру жарналарын төлеу кезінде Сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру қорғаныстары тоқтатыла тұрған күннен бастап бір жыл ішінде сақтандыру шартын қалпына келтіру туралы өтініш беруге құқылы, ал сақтандырушы сақтандыру шартын қалпына келтіруге міндетті, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру шартын бір жылдан астам мерзімге қалпына келтіру құқылы, бұл ретте мұндай сақтандыру шартының күшін қалпына келтіру міндеттеме емес, сақтандырушының құқығы болып табылады.
28. Егер мұндай шарт мерзімінен бұрын бұзылса және сақтандырушы өтеу сомасын төлесе, сақтандырушы сақтандыру шартын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.
29. Мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларын төлеу кезінде сақтандыру шартының күшін қалпына келтіру мақсатында сақтанушы сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырушы нысанындағы денсаулық жағдайы туралы декларацияны беруге міндетті.
30. Сақтанушының және (немесе) сақтанушының денсаулық жағдайы туралы сақтанушы ұсынған құжаттарға сәйкес сақтанушының және (немесе) сақтанушының денсаулық жағдайы шарт жасасу кезінде ұсынылған мәліметтермен салыстырғанда нашарлаған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру сомасының және (немесе) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақыларының) сомасын қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартын жаңа шарттармен қалпына келтіруден бас тартса, сақтандыру шартын қалпына келтіру мүмкін емес.
31. Сақтанушы денсаулық жағдайы туралы декларацияда сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын анықтау үшін маңызды болып табылатын өзіне белгілі барлық ақпаратты көрсетуге міндетті. Егер сақтандыру шартын қалпына келтіргеннен кейін сақтанушы сақтандырушыға осы тармақта көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған ақпарат бергені анықталса, сақтандырушы жазбаша хабарлама жіберу арқылы сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

## 8-тарау. Пайдаға қатысу

32. Сақтандырушы жыл сайын сақтандырушылардың қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері түрінде бөлуге жататын сақтандырушының қызметі (болған жағдайда) нәтижесінде пайданың бір бөлігінің мөлшерін анықтайды. Пайданы бөлудің шарттары, тәртібі мен мерзімі, сақтандырушының сыйақы алуының мөлшері мен тәртібі (болған жағдайда) директорлар кеңесі бекітетін сақтандырушының ішкі ережелерімен белгіленеді.

- Сақтандырушының сақтанушылар арасында бөлуге жататын пайдасының мөлшері туралы шешімді сақтандырушының директорлар кеңесі қабылдайды.
33. Сақтандырушы сақтандыру дивидендтері түріндегі пайданың бір бөлігін осы сақтандыру шартының пайданы қалыптастыруға қосқан үлесін ескере отырып, сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысына (төленген сақтандыру жарналарына) барабар сақтандыру шартына бөледі.
  34. Сақтандыру шарты бойынша пайда инвестициялық табыстылықтың нақты нормасы мен сақтандырудың осы түрі бойынша сақтандырушы жасасқан шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақыларының) сомасын есептеу кезінде көзделген мөлшерлеме арасындағы оң айырма есебінен қалыптасады.
  35. Сақтандыру дивидендтері сақтандыру шартының мерейтойына дейін төленуге тиісті барлық сақтандыру сыйлықақылары (жарналар) толық көлемде төленген жағдайда, сақтандыру шартының бір жылдығына есептеледі.
  36. Сақтандырудың дивидендтері, егер сақтандырушының Директорлар кеңесі бекітетін жұмысшы ережелеріне өзгеше жағдайлар белгіленбесе, сақтандырудың 3 (үшінші) жылынан бастап есепке алынды.
  37. Сақтандыру сомасы азайтылған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері азайтылған сақтандыру сомасын ескере отырып есептеледі. Жеңілдетілген сақтандыру сомасымен жұмыс істейтін сақтандыру шарттарын, төленген сақтандыру шарттарын және мерзімінен бұрын бұзылған сақтандыру шарттарын қалпына келтіру кезінде сақтандыру дивидендтерінің есептелуі немесе сақтандыру сыйлықақыларының кешіктірілген және төленбеген кезеңі үшін олардың болмауы қайта қарауға (өзгертуге) жатпайды.
  38. Сақтандыру дивидендтері сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуден босатуды көздейтін қосымша сақтандыру шарттарына сәйкес сақтанушыны сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуден босату кезеңіне есептелмейді.
  39. Сақтандыру бонусының сомасы сақтандыру ережелерінің 2-бөлімінде көрсетілген негізгі сақтандырулар бойынша сақтандыру жағдайлары кезінде төленеді.
  40. Сақтанушы сақтандырушымен жасалған қарыз шартына сәйкес қарыз алған кезде сақтандыру бонустарының сомасы сақтанушы қарыз сомасын уақтылы өтеген және сақтандыру сомасын төлеген жағдайда сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан есептеледі.
  41. Сақтандыру бонусының сомасын және бонусты өтеу сомасын төлеу шарттарын қоса алғанда, осы тараудың ережелері сақтандыру шартының негізгі өтеу сомасының қолданылу мерзіміне қатысты талаптарына қолданылады және қосымша өтемдерге қолданылмайды. Қосымша шарттар мен талаптарды тоқтатқаннан кейін мұндай сақтандыруға қатысты ешқандай өтеу сомасы төленбейді.

### **9-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі мен орны**

42. Сақтандыру шарты «Полистің жасалған (берілген) күні» бағананда көрсетілген сақтандырушы сақтандыру полисін берген күннен бастап күшіне енеді.
43. Егер сақтандыру полисінде өзгеше жағдайлар белгіленбесе, сақтандыру қорғаныстары (сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі) сақтандыру полисі тіркелген күннен кейінгі күннен бастап әрекет ете бастайды, егер, бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толығымен төленген болса.
44. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстары Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

### **10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

45. Сақтандырушының құқығы бар:
  - 1) сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға;
  - 2) сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;
  - 3) сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, олардың сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
  - 4) сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
  - 5) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға құқылы.
46. Сақтанушы міндетті:
  - 1) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуге;
  - 2) сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
  - 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға дереу, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап күнтізбелік 12 айдан кешіктірмей хабарлауға;
  - 4) егер сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, сақтандырушыға сақтандырылушының сақтандыру шартын жасасуға жазбаша келісімін беруге;
  - 5) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асырады.
47. Сақтандырушының құқығы бар:
  - 1) сақтандыру ережелерінде көзделген жағдайларда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
  - 2) сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы.

48. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;
- 2) сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның өтініші бойынша сақтандыру ережелерінің көшірмесін беруге (жіберуге) не сақтанушыға сақтандырушының интернет-ресурсында сақтандыру ережелерін жариялауға сілтеме жіберуге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімдерде және жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) сақтандыру полисінің түпнұсқасы жоғалған жағдайда, сақтанушының өтініші бойынша оған сақтандыру полисінің телнұсқасын беруге міндетті.

**11-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу**

49. Сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш беру арқылы сақтандыру шартын кез келген уақытта бұзуға құқылы.
50. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу күні сақтандырушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті алған күн болып есептеледі, егер мұндай өтініште сақтанушы мерзімінен бұрын бұзудың кейінгі күні көрсетілген болмаса.
51. Егер сақтанушы шарт жасалған күннен бастап бірінші күннен бастап жиымасыншы күнге дейінгі кезеңде сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзса, онда сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру сыйлықақыларының алынған сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті. Сақтанушы сақтандыру шартын шарт жасасқан күннен бастап жиырма бірінші күннен қыркыншы күнге дейінгі кезеңде біржақты тәртіппен бұзса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру сыйлықақыларының сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы шеккен шығындары үшін он пайыздан аспайтын шығыстарды шегер отырып, қайтаруға міндетті. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған басқа жағдайларда сақтанушы сақтандыру шарты бойынша төлеген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.
52. Жоғарыда көрсетілген тармақта көзделген жағдайды қоспағанда, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтанушы сақтандырушыдан өтеу сомасын және бонустық өтеу сомасын (бар болса) алуға құқылы.
53. Өтеу сомасының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген күндердегі барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленгені ескеріле отырып, әрбір сақтандыру жылының аяқталу күніне көрсетіледі. Сақтандырудың бірінші жылының соңында өтеу сомасы нөлге тең.
54. Сақтанушы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған күні сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру жарналарын төлемеген жағдайда, өтеу сомасының сомасы нақты төленген мерзімді сақтандыру жарналары ескеріле отырып, соңғы сақтандыру жарнасы төленген сақтандыру жылының соңында

- белгіленген сақтандыру полисінде көрсетілген өтеу сомасының сомасына негізделіп есептеледі;
55. Өтеу сомасының сомалары сақтандыру полисінде көрсетіледі:
- 1) өтеу сомасы және осындай қарыздар бойынша сыйақы шегінде сақтанушыға берілген қарыздарсыз;
  - 2) бонустық өтеу сомасынсыз (бар болса).
56. Сатып алу сомасы және бонусты өтеу сомасы сақтанушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті сақтандырушыға берген күннен бастап күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей төленуге жатады.
57. Сақтандырушы өтеу сомасын және бонустық өтеу сомасын төлеу кезінде сақтанушының қарыз шартына сәйкес мерзімі өткен сақтандыру жарналары (болған жағдайда) бойынша, шартты мерзімінен бұрын тоқтату күні берешегі сомасын сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша сақтанушының сақтандырушы алдындағы кез келген басқа берешектерін ұстап қалуға құқылы.
58. Сақтандырушы қарыз шарты бойынша сақтанушы қарыз сомасын ол бойынша төленетін сыйақымен өтемеген жағдайда сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
59. Андеррайтермен тәуекел дәрежесін жеке бағалау кезінде қабылдаған адамдарды қоспағанда, психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдарға, түзеу-еңбек мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдарға, мүгедектерге қатысты жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру осы тармаққа сәйкес сақтандыру шарты бұзылуға жатады, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының төленген сомасы қайтарылуға жатады, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысынан сақтандырушының сақтандыру шартын бұзуға байланысты шеккен шығыстарының 10% мөлшеріндегі шығыстарды ұстап қалады.

## 12-тарау. Қарыз алу

60. Сақтанушы өтеу сомасы шегінде тиісті қаржы жылына сақтандырушы айқындаған ең жоғары рұқсат етілген қарыз сомасынан аспайтын сомада қарыз алуға құқылы. Бұл ретте қарыздың рұқсат етілген ең жоғары сомасы сақтандырушы сақтанушыға берген өтелмеген қарыздарды және осындай қарыздар бойынша сыйақыларды шегеріп тастағандағы өтеу сомасынан және бонустық өтеу сомасынан аспауы керек;
61. Сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қарыз шарты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалады;
62. Сақтандыру шарты бойынша өтеу сомасы сақтанушы алған қарызды қайтару кепілдігі болып табылады және қарыз сомасын және бір жыл бойы қарыз беру кезеңінде есептелген сыйақыны өтейді. Қарыз мерзімі сақтандыру шартының мерзімінен оның қарыз шартын жасау кезіндегі іс жүзінде өткен мерзімін шегеріп тастаған мерзімнен аспауы тиіс.
63. Қарыз кез келген мақсатқа, оның ішінде жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша берешекті ескере отырып айқындалатын жинақтаушы сақтандыру

- шарты бойынша тұрақты сақтандыру сыйлықақылары бойынша берешекті төлеуге беріледі.
64. Сақтандырушының қарыздарды өтеу және мұндай қарыздар бойынша сыйақы төлеу бойынша кез келген берешегі сақтандырушы төлеуге жататын ақша сомасынан ұсталуы мүмкін. Қарыз шарты бойынша жалпы берешек сомасы, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандырушымен төленуге жататын өтеу сомасынан ұсталады, сақтандыру жағдайы басталған жағдайда - сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде ұсталады - егер осы уақытқа дейін сақтанушы көрсетілген қарызы өтемеген болса.
  65. Сақтандыру сомасы төмендетілген сақтандыру шартының қолданылуын жалғастырған кезде сақтандырушы өзгертілген сақтандыру сомасын айқындау кезінде сақтанушының қарыздарды өтеу бойынша және мұндай қарыздар бойынша сыйақы төлеу бойынша кез келген берешегін есепке жатқызуға құқылы.
  66. Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайында сақтандыру шарты бойынша өтеу сомасының мөлшері сақтанушының Қарыз шарты бойынша берешегі сомасына азайтылады. Сақтандыру сомасының мөлшері және сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің әрбір келесі жылы үшін өтеу сомасының мөлшері сақтандыру шарты бойынша соңғы сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніндегі өтеу сомасының мөлшерін негізге ала отырып жүргізілген азайтуды ескере отырып айқындалады.
  67. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы өтеу сомасының сомасына жетсе, онда сақтандыру шарты бойынша өтеу сомасы мен сақтандыру сомасы нөлге тең деп саналады. Сақтандырушы сақтандырушыны сақтандыру шарты бойынша өтеу сомасының және сақтандыру сомасының азайтылғанға дейін 30 күнтізбелік күн бұрын хабарлайды және сақтандыру шартын көрсетілген күннен бастап біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

### **13-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының сомасын индекстеу (сақтандыру жарналары)**

68. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының (жарна) мөлшері сақтандыру шарты бойынша тиісті өзгертулер жағдайында сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру шартының негізгі өтеміне және (немесе) сақтандыру төлемдеріне сақтандыру сомасын индекстеу (өзгерту) көзделуі мүмкін.
69. Сақтандыру жарнасын және сақтандыру сомасын индекстеу сақтандыру сыйлықақыларын төлеу кезеңінде сақтандыру шартының негізгі төлемдері бойынша жүргізілуі мүмкін. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төленген жағдайда индекстеу жүргізілмейді.
70. Төлеуден босатыла отырып, «Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан алғашқы екі жыл ішінде, ал сақтандырудың үшінші жылынан бастап – қандай да бір себептермен мүгедек болған жағдайдан сақтандыру» қосымша өтем бойынша сақтандыру жарналары мен сақтандыру сомасын индекстеу сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетілген қосымша сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу кезеңінде жүзеге асырылады.

Алайда, егер сақтанушы мүгедектік кезеңіне сақтандыру жарналарын төлеуден босатылса, индекстеу жүргізілмейді. Басқа қосымша төлемдер бойынша сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру сомалары индексациялауға жатпайды.

71. Индекстелген (өзгертілген) сақтандыру сомасының және өзгертілген сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі.
72. Индекстеу сақтандыру шартының бір жылдығына дейін жүзеге асырылады, егер сақтандыру сыйлықақылары толық көлемде төленген жағдайда, сақтандыру шартының бір жылдығында жүргізіледі.
73. Сақтандыру сомасының және мерзімді сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін индекстеу (өзгерту) тәртібі мен әдістемесі Сақтандырушының директорлар кеңесі бекітетін сақтандырушының ішкі қағидаларында белгіленеді.

#### **14-тарау. Сақтанушыны ауыстыру**

74. Сақтанушы сақтандыру шартында айқындалған барлық құқықтар мен міндеттерді соңғысының, сақтанушының және сақтандырушының келісімімен басқа тұлғаға беруге құқылы. Мұндай құқықтар мен міндеттерді беру үшін сақтандырушыға сақтанушы, сақтандырылушы және сақтанушының құқықтық мирасқоры (сақтандыру шарты бойынша сақтанушының құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға) қол қойған сақтанушыны ауыстыру туралы өтінішті беру қажет. Сақтанушыны ауыстыру сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілген тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.
75. Сақтандырылушы болып табылмайтын сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру шартында айқындалған құқықтар мен міндеттер сақтандырылушыға оның келісімімен ауысады. Сақтандырылушының сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері заң актілеріне сәйкес оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін жауапты адамдарға өтуі мүмкін.

#### **15-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу тәртібі**

76. Сақтандыру шартына өзгертулер енгізу сақтанушының сақтандырушыға берген өзгерістерді енгізу туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады. Сақтандырылушы және сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі ішінде сақтандыру мерзімі өзгертілмейді.
77. Өтінім берілген күні барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген жағдайда, сондай-ақ сақтандырушының мұндай өзгертуге келісімін бергенде, сақтандыру шартына өзгерістер жазбаша нысанда енгізіледі және жаңартылған сақтандыру полисі тіркелген күннен бастап күшіне енеді.
78. Сақтандыру жарналарын төлеу кезеңділігін өзгерту сақтандырушының келісімімен сақтандыру полисінің бір жылдығында жүзеге асырылуы мүмкін және ол жаңартылған сақтандыру полисін беретін сақтандырушымен расталады.

Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу кезеңділігін өзгерту кезінде сақтанушы мыналарға міндетті:

- 1) сақтандырушыға мұндай өзгеріс туралы осы өзгеріс күшіне енген күнге дейін хабарлауға;
  - 2) сақтанушы таңдаған кезеңділікке сәйкес мөлшерде сақтандырушыға тиесілі кезекті сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті.
79. Жаңартылған сақтандыру полисі сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және ол жасалған күннен кейін бұрын берілген сақтандыру полисі күшін жояды және қағаз түрінде ресімделген болса, сақтандырушыға қайтарылуы тиіс.
80. Сақтандыру бонустық сомасы белгіленген кезде сақтандырушы сақтанушының өтініші бойынша жаңартылған сақтандыру полисін береді.
81. Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты жаңа немесе қолданыстағы заңнамалық актілерге осындай актілер қабылданғанға дейін жасалған өзгерістер мен толықтырулар енгізу талаптарын белгілейтін болса, сақтандыру шартына толықтырулар және (немесе) өзгерістер енгізуге құқылы.
82. Сақтандырушы сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар біржақты тәртіппен енгізуге құқылы.
83. Егер жазбаша хабарламада басқа күн белгіленбесе, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру шартындағы барлық өзгерістер туралы мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабарлайды. Сақтанушы сақтандыру шартына енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда сақтандырушыны жазбаша хабардар ету арқылы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтанушы өзгерістер туралы хабарламаны жібергеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде сақтандырушыны сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарламаса, сақтанушы енгізілген өзгерістермен келіскен болып есептеледі.

#### **16-тарау. Сақтандырушының орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін өзгерту**

84. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда сақтанушы он күн ішінде сақтандырушыға жаңа мекенжай туралы хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, алдыңғы орналасқан жеріне немесе тұрғылықты жеріне жіберілген хабарлама тараптармен орындалған (жарамды) болып саналады.

#### **2-бөлім. Сақтандыру шартының негізгі өтемдері**

##### **17-тарау. Сақтандыру шартының негізгі өтемі бойынша сақтандыру жағдайлары**

85. Сақтандыру шартының негізгі өтемі бойынша сақтандыру жағдайлары:

- 1) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған кез келген себептер бойынша сақтанушының қайтыс болуы;
  - 2) сақтанушының сақтандыру шартында белгіленген белгілі бір мерзімге дейін өмір сүруі.
86. Сақтанушы мерзімді төлемдер түріндегі сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру талаптарымен сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру шартының негізгі өтемі шеңберіндегі сақтандыру жағдайлары:
- 1) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған кез келген себептер бойынша сақтанушының қайтыс болуы;
  - 2) сақтанушының аннуитеттік төлемдері басталған күнге дейін, одан кейін аннуитеттің әрбір кезеңі басталған күнге дейін өмір сүруі.

### 18-тарау. Пайда алушы

87. Пайда алушыны сақтанушы тағайындайды және ол сақтандыру шартында көрсетіледі.
88. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақтанушының өмір сүруі» сақтандыру жағдайының пайда алушысы сақтанушы болып табылады.
89. «Сақтандырылушының аннуитет төлемдері басталған күнге дейін, ал кейіннен аннуитеттік төлемнің әрбір кезеңі басталғанға дейін» сақтандыру жағдайындағы пайда алушы, егер сақтанушы аннуитеттік төлемдерін жүзеге асыру басталған күні немесе аннуитеттік төлемдердің тиісті кезеңінің басталу күні тірі болса, сақтанушы болып табылады. Егер сақтандыру шартында кепілдік берілген мерзім көзделсе, ал сақтанушының қайтыс болуы кепілдік берілген мерзім аяқталғанға дейін орын алса, онда кепілдік берілген мерзім өткенге дейін сақтандыру шарты бойынша пайда алушы егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, сақтандырылушының келісімімен аннуитеттік сақтандыру бойынша өтініште сақтанушымен ұсынылған тұлға болады.
90. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандырылушы емес пайда алушыны сақтандырушының келісімімен жаңартылған сақтандыру полисін беру арқылы ауыстыруға құқылы.
91. Сақтандырылушы болып табылмайтын пайда алушы қайтыс болған немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда оның құқықтары сақтанушыға, ал егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылса, сақтанушының мұрагерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеді.

### 19-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

92. Сақтандыру ережелерінің 85-тармағында және 86-тармағының 1) тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасын және сақтандыру бонустық сомасын (болған жағдайда) қосу арқылы айқындалады. Сақтандыру шарты төмендетілген сақтандыру сомасымен жарамды болса, сақтандыру төлемінің мөлшері азайтылған сақтандыру сомасы мен сақтандыру бонустық сомасын (болған жағдайда) қосу арқылы анықталады.

Сақтандыру ережелерінің 94-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде төлем мөлшері сақтандыру ережелерінің көрсетілген тармағының шарттарына сәйкес айқындалады.

93. Сақтандыру ережелерінің 86-тармағының 2) тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартын жасау кезінде тараптардың келісімімен айқындалады және сақтандыру полисінде көрсетіледі. Әрбір аннуитеттік төлемді және бонустық аннуитеттік төлемді, егер бар болса, сақтандырушы аннуитеттік төлемдер басталған күннен кейін немесе тиісті аннуитеттік төлем кезеңі аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады. Аннуитеттік төлемдерді және бонустық аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру, егер олар болса, пайда алушы қайтыс болған күні тоқтатылады, бірақ егер сақтандыру шартында көзделген болса, кепілдік берілген мерзім өткен күннен ерте емес.
94. Сақтандыру ережелерінің 85-тармағының 1) тармақшасында және 86-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдай басталған кезде төлем сомасы оқиғаның басталған күнгі, өтеу сомасына және бонусты өтеу сомасына (болған жағдайда) тең болады, егер оқиға сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу кезеңінде мыналардың нәтижесінде болған болса:
- 1) ЖИТС, АИТВ-инфекциясы, психикалық ауру, егер бұл аурулар сақтандыру жағдайының басталуына әсер еткен болса;
  - 2) қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының, сақтанушының, пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
  - 3) егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының алғашқы екі жылы ішінде орын алса, өзін-өзі өлтіру (сақтандырылушының өзін-өзі өлтіру әрекеті);
  - 4) сақтанушының этанолмен, алкогольмен, есірткі, психотроптық заттармен және сол тектестермен улануы;
  - 5) заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар жариялаған әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, жаппай тәртіпсіздіктер, төтенше жағдай немесе ерекше ережелер, олардың зардаптары, азаматтық толқулар, ереуілдер;
  - 6) егер сақтанушы/сақтандырылушы террористік қызметке қатысушы немесе терроризм актісіне қатысушы адам болса, террористік актілер;
  - 7) ядролық жарылыс, радиациялық немесе радиоактивті немесе химиялық ластану;
  - 8) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді, сондай-ақ сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді беруі;
  - 9) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылушы әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасаса;
  - 10) егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының алғашқы екі жылы

ішінде орын алса, сақтандырылған адам сақтандыру жағдайы басталған кезде онкологиялық аурумен ауырса (жазатайым оқиғаның салдарынан болған сақтандыру жағдайын қоспағанда).

95. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына сақтандыру шартының қолданылу мерзімін тоқтата тұру кезіндегі сақтандыру қорғаныстарының қолданылу бөлігіндегі сақтандыру жағдайының басталуы негіз болып табылады.

## 20-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі

96. Сақтандыруды өтеу кезеңінде болған сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
  - 2) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
  - 3) пайда алушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банк шотының деректемелері;
  - 4) сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің немесе қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі;
  - 5) сақтандырылушының қайтыс болуы туралы медициналық куәліктің көшірмесі немесе медициналық қайтыс болу туралы куәліктің түбіртегінің көшірмесі;
  - 6) сақтанушының мәйітіне патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптаманың қорытындысы (егер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде сараптама немесе зерттеу көзделсе) – куәландырылған құжаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, құжатты берген мекеменің мөрімен расталған сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
  - 7) егер сақтандырылушының қайтыс болуы стационарда болса, сақтандырылушының ауырған аурулары туралы мәліметтері бар стационарлық науқастың медициналық картасынан қайтыс болғаннан кейінгі эпикриз – сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
  - 8) сақтанушының аурулары туралы мәліметтері бар амбулаторлық науқастың медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа.
97. Сақтандырушы сондай-ақ мынадай құжаттарды талап етуге құқылы:
- 1) егер құқық қорғау органдары сақтандырылушының қайтыс болуына байланысты қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қараған болса, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы не құқық қорғау органдарының қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысы, осы органдардың немесе соттың немесе соттың үкімі (шешімі) – сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін

- құжатты берген мекеменің мөрімен расталған құжаттардың түпнұсқалары немесе көшірмелері;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттары, оның себептері (өртке қарсы қызметтер, құқық қорғау органдары, еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау органдары) – құжатты берген мекеменің мөрімен расталған құжаттардың, сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін түпнұсқалары немесе көшірмелері.
98. Сақтандыру ережелерінің 85-тармағының 2) тармақшасында немесе 86-тармағының 2) тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
  - 2) сақтанушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы;
  - 3) сақтанушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банк шотының деректемелері.

## **21-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі**

99. Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар болғаннан кейін бұл туралы сақтандырушыны жазбаша немесе электрондық түрде дереу хабардар етуге міндетті, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап күнтізбелік 12 айдан кешіктірмей.
100. Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламамен бірге сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды беруге міндетті.
101. Сақтандыру төлеміне құжаттарды алғаннан кейін сақтандырушы пайда алушыға қабылданған құжаттардың толық тізбесі көрсетілген анықтама береді.
102. Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сақтандырушы құжаттардың толық емес топтамасын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауға қажетті құжаттардың жетіспейтіні туралы хабарлама жібереді.
